

«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік

шағын орталығының

әдіскері Г.К.Сагпазова.

Мерекелік ертеңгілік.

Тақырыбы: «Аяулы анашым»

Өткізген: №2 «Балбөбек»

ортаңғы тобының

тәрбиешісі: Уақбаева Н.Ж

2022-2023 оқу жылы.

Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «Аяулы анашым»

Мақсаты: Балаларға 8 наурыз- аналар мерекесі туралы түсінік беру.
Балаларды би қимылдарын дұрыс орындауға баулу, ойындарға қызығушылығын арттыру, мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Жүргізуші: Қымбатты да ардақты әжелер, аяулы аналар мен құрметті көктемдегі құлпырған қыздар!

Сіздерді көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз!

Жүргізуші:

Аналарды сүйеміз!

Сөзін ойға түйеміз

Әрқашан біз ардақтап,

Әжеге бас иеміз!

Сеннен өскен балалар-Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен құрметті аналар, дей отырып сіздерге арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Балалар залға көңілді ән-күймен ұлдар кіреді бір рет айналып тоқтайды, содан кейін қыздар кіреді билеп бір рет шеңберді айналып ұлдарға қарама-қарсы тұрады, ұлдар бір-бірден барып қыздардың қолдарынан ұстап орындыққа отырғызады, содан кейін өздері отырады.

Жүргізуші: Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке?

Балалар: Аналар, әжелер мерекесі

Жүргізуші: -Балалар ең асыл жан кім?

Балалар: - «Ана»

Жүргізуші: -Қызығында, бұзығында көтеретін кім?

Балалар:- «Ана»

-Үнемі жанында періштедей қорғаштап, демеу беретін кім?

Балалар:- «Ана»

-Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарға арнап ән айтамыз.

Ән: «Анашым деп ән салам»

Жүргізуші: - Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым

Арналады сіздерге

Бар баланың тақпағы-дей отырып, балалардың сіздерге арналған тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.

Балалардың тақпақтары

1.Мұслима:

Құтты болсын Анашым,

Құтты болсын мерекең!

2.Дариға:

Ақ Анашым аппағым,

Өзің жайлы тақпағым.

3.А.Алихан:

Анам менің күнім дейді

Мен қуансам күлімдейді

4.А.Айзере:

Әлпештеген аяалаған

Ақ сүт берген Анашым.

Жүргізуші:

Ақ қар еріп

Су көбейіп! Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады

Балаларым айтындаршы бұл қай кезде болады?

Балалар: -«Көктем мезгілінде»

Жүргізуші: - Ендеше Көктем мезгілін қарсы алайық.

Көктем келеді.Балалар мен ата-аналармен амандасады.

Жүргізуші:Көктем,қош келдіңіз,төрлетіңіз !Біз сені көп күттік!

Біздің балалардың көктемнің алғашқы мерекесіне қалай дайындалғандарын тамашалаңыз!

Ән: «Көктемде»хор.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, ендеше кезекті көктемге арналған тақпақтарға берейік.

Балалардың тақпақтары

София:

Күн шуағын шашады

Жауын жауып алады

Көктем келіп жеткенде

Ағаштар бүршік жарады.

Даниэль:

Көктем келді тамаша

Далаға бір қараса

Бұлбұл құстар сайрайды

Күн шуағын төгеді

Азима:

Көктем күні әдемі

Жерде гүлдер өскенде

Көктем күні әдемі

Жерде шөптер өскенде.

Әмина:

Көктем келді құлпырып

Бүршік жарып ағаштар.

Мерекеге арналады бүгін билер,

Көтерілсін канекей, көңіл күйлер

Қыздардың орындауында Көктеммен бірге гүлдер биі.

Ендеше кезекті тағыда аналарға арналған тақпақтарымызға береміз.

Нұразиз

:Біз доспыз гүлдермен

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір бірден

Аналарға сыйлаймыз.

Б.Алинұр:

Мен анамды жақсы көрем

Айтқан тілін алып жүрем.

Ердаулет:

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз.

Абдумалик:

Анаң болса қасында

Басқа бақыт не керек.

Жүргізуші: - Жарайсыңдар қыздар! Ендеше кезекті қолшатырмен биіне берейік

«Әуенмен Сайқымазақ кіреді»

Бәрі шапалақтайды. Залға сайқымазақ келеді.

Сайқымазақ: Сәлеметсіңдер ме, достар! Сәлеметсіздер ме, қымбатты ата - аналар!

Жүргізуші: Сәлеметсіңбе, Сайқымазақ! Мұнда қайдан жүрсің?

Сайқымазақ: Әжемнің жағдайын сұрап, құттықтауға бара жатырмын. Осы жерден өтіп бара жатып, әуеннің дауысын естіп қалдым.

Жүргізуші: Балалар, Сайқымазақ өтіп бара жатып, әуеннің дауысын естіп келген екен.

Ендеше Сайқымазақ досымызға ән айтып берейік.

Ән: Хор: «Ақ әжем»

Жүргізуші: Ендеше кезекті ұлдарымыздың орындауында әжелер биіне береміз.

Сайқымазақ: Балалар мен сендерге өзіммен бирге ойын алып келдім.

Ойын: «Аналардың көмекшілері»

Жүргізуші: - Рахмет, саған сайқымазақ. Сен бүгін біздің балалардың көңіл күйлерін көтеріп жүрдің.

Сайқымазақ: - Иә, біз сондаймыз. Біз көп ойындар, әндер де, билер де білеміз, және біз фокустар көрсете аламыз. Сендерге де қазір фокус көрсетеміз.

Тақпақтар әжелерге арналады.

Медина:

Әжем ұйықтар алдында

Ертегі айтып береді

Еркелеп ойнап жатқанда

Ылғи ұйықтап қаламын

Хафиз:

Өзің мені өсирген,

Айналайын ақ әжем

Тентек болсам кеширген

Шөлдедің бе, дана әжем?

Қасым:

Шай қайнатып келейін

Шекер салып, жан әжем

Өзім құйып, берейін

Балдай тәтті, Ақ әжем

Би: «Жаяу». Ұлдардың орындауында.

-Әнімізге ән беретін, кешімізге сән беретін аналарымызбен бірге ойын ойнайық.

Аналармен ойын:

1. «Мен баламды қалай еркелетемін»

Мамалары балаларына еркелетіп жылы сөздер айтады.

2. «Кім бірінші»

Шардан адам бейнесін жасайды.

Жүргізуші:

- Ал енді, біздің балалардың өз қолдарымен жасаған аналарға арналған сыйлықтарды қабыл алыңыздар.

- Осымен біздің мерекеміз аяқталды. Қымбатты да аяулы аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық! Сау болыңдар.

Мерекелік ерестілік
Тақырыбы: «Аяулы анашым»
№2 ортаңғы топтың тәрбиешісі Н.Уақбаева

